

**«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқықтарын  
қабылдап алу-беру  
№ 2 АКТІСІ**

Астана қаласы

2024 жылғы «16» сәуір

Бұдан әрі «Комитет» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 489 бұйрығымен бекітілген Ереженің негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Бакытбек Кәкімұлы Тәшенов және бұдан әрі «Министрлік» деп аталатын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Ереженің негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің атынан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі А.Ф.Балаева, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» 1999 жылғы 27 мамырдағы №659 қаулысына және «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесін сыйға тарту шарты бойынша жеке меншіктен республикалық меншікке қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 64 қаулысына сәйкес төмендегілер туралы осы Актіге қол қойды:

1. Осы Актінің шарттарына сәйкес Комитет республикалық меншікке жатқызылған сомасы 5 167 000 (бес миллион жүз алпыс жеті мың) «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі – Серіктестік) жарғылық капиталынан сомасы 5 167 000 (бес миллион жүз алпыс жеті мың) теңге болатын Серіктестіктің 100 % (жүз) пайызды құрайтын жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын береді, ал Министрлік қабылдайды.

2. Комитетке республикалық меншікке қатысты меншік иесінің құқықтарын іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген және Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесіне билік ету бойынша функцияларды жүзеге асырады.

3. Берілген иелену және пайдалану құқықтары шешімдер қабылдау кезінде «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағына сәйкес Комитетпен алдын-ала жазбаша келісім бойынша Министрлік мемлекеттік қатысу үлесінің меншік иесі атынан дауыс беруді жүзеге асыратын мәселелерді қоспағанда, жалпы жиналыстың құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша Серіктестіктердің қатысушыларының жалпы жиналысында меншік иесі ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіру құқығын қамтиды.

4. Министрлік:

1) Серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар әділет органдарында тіркелгеннен кейін екі апталық мерзімде бұл туралы Комитетке жазбаша хабарлауға;



2) Комитеттің талабы бойынша осы Актінің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыруға байланысты қажетті ақпаратты беруге;

3) дивидендтердің уақтылы және толық есептеуін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Комитет:

1) осы Актінің 1-тармағында көрсетілген серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлестін иелену және пайдалану құқықтарын Министрлікке беру туралы тиісті жазбаның Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілуін қамтамасыз етуге;

2) осы Актінің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын беру туралы Серіктестікке хабарлауға міндетті.

6. Осы Акт Тараптардың екеуі де қол қойған және «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізіліміне тиісті жазба енгізгеннен кейін күшіне енеді.

7. Осы Акт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

8. Осы Актінің 1-тармағында көрсетілген серіктестіктің қатысу үлесіне ауыртпалық салынбаған.

#### Тараптардың орналасқан орны және деректемелері:

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитеті  
010000, Астана қаласы,  
Жеңіс даңғылы, 11

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,  
Мәңгілік ел, 8, даңғылы,  
«Министрлік үйі» ғимараты

#### Тараптардың қолдары:

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру  
комитетінің Төрағасы



Б.В. Тәшенов

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігі



А.Ғ. Балаева